

Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 339 "2020-2022 жылдарға арналған Маржанбұлақ ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 416 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 21 қыркүйекте № 7445 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9-1 бабының 2-тармағына және 109-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 339 "2020-2022 жылдарға арналған Маржанбұлақ ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6750 тіркелген, 2020 жылғы 27 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

3 тармақ келесі жаңа редакцияда жазылсын:

"3. 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төменгі мөлшері – 42 500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 2 651 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 31 183 теңге;

2020 жылғы 1 сәуірден бастап:

1) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 2 778 теңге;

2) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 32 668 теңге болып белгіленгені ескерілсін және басшылыққа алынсын."

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Алға аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жарияланғаннан кейін Алға аудандық мәслихатының интернет - ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Алға аудандық
мәслихат сессиясының төрағасы

Алға аудандық
мәслихатының хатшысы

Р. Еркусимова

Б. Жумабаев

Алға аудандық мәслихатының 2020
жылғы 11 қыркүйектегі № 416
шешіміне қосымша

Алға аудандық мәслихатының 2020
жылғы 8 қаңтардағы № 339 шешіміне
№ 1 қосымша

2020 жылға арналған Маржанбұлақ ауылдық округ бюджеті

Санаты		Сыныбы		Сомасы (мың теңге)
		Кіші сыныбы		
			Атауы	
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	70012,4
1			Салықтық түсімдер	4503
	01		Табыс салығы	284
		2	Жеке табыс салығы	284
	04		Меншікке салынатын салықтар	4219
		1	Мүлікке салынатын салықтар	177
		3	Жер салығы	350
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	3692
2			Салықтық емес түсімдер	455,4
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	320
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлкті жалға беруден түсетін кірістер	320

	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	135,4
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	135,4
4			Трансферттердің түсімдері	65054
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	65054
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	65054

Функционалдық топ						
1	Кіші функция					Сомасы (мың теңге)
	2	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
		3	Бағдарлама			
			4	Атауы		
5	6	7	8	9	10	
				II. Шығындар	72156,5	
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	19984	
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	19984	
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	19984	
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін	19534	

				қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	450
04				Білім беру	37993
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	37993
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	37993
			004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	37993
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	11474
	3			Елді-мекендерді көркейту	11474
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	11474
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	9824,4
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1649,6
12				Көлік және коммуникация	2570

	1			Автомобиль көлігі	2570
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2570
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	2570
15				Трансферттер	135,5
	1			Трансферттер	135,5
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	135,5
			048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	135,5
				III. Таза бюджеттік кредиттеу	0
				IV. Қаржы активтерімен операция бойынша сальдо	0
				Қаржы активтерін сатып алу	0
				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
				V. Бюджет тапшылығы (профицит)	(-2144,1)

				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	2144,1
				Қарыздар түсімдері	0
				Мемлекеттік ішкі қарыздар	0
				Қарыз алу келісім - шарттары	0
				Қарыздарды өтеу	0
				Қарыздарды өтеу	0
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	2144,1
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	2144,1
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	2144,1
			01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	2144,1